

**Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Павлодар қаласы Павлодар ауылының жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы**

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қазандағы № 1438/6 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп - қарау негізінде Павлодар қаласы Павлодар ауылының жайылым айналымдарының схемасы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

3. Осы қаулыны іске асыру үшін қаржылық шығындар қажет етілмейді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Х. А. Хабылбековке жүктелсін.


5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар қаласының әкімі*












*А. Байханов*

Павлодар қаласы әкімдігінің  
2021 жылғы "8" қыркүйектегі  
№ 1438/6 қаулысына  
қосымша

**Жайылымдарды геоботаникалық зерттеу негізінде Павлодар қаласы Павлодар ауылының жайылым айналымдарының схемасы**



### Шартты белгілер

-  - Павлодар ауылының шекарасы;
-  - табиғи және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
-  - жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
-  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттары;
-  - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қолжеткізу
-  - егістік;
-  - орман қоры;
-  - жайлым айналымдарының маусымы;
-  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-жазғы-күзгі маусымы;
-  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-ертежазғы-ертежазғы-күзгі маусымы;
-  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-күзгі маусымы.